

## Психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларды кешенді оңалту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 581, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 961, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 399-ө Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 18 қаңтарда № 6742 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 190-ө-м, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 28 мамырдағы № 202, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 314 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.04.2013 № 190-ө-м, ҚР Білім және ғылым министрінің 28.05.2013 № 202, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 29.05.2013 № 314 бірлескен бұйрығымен (29.05.2013 бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 2010 қаулысымен бекітілген «2007 - 2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2010-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 17-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**  
қ а р а ң ы з . Р 1 1 0 2 6 6

1. Психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларды кешенді оңалту жөніндегі нұсқаулық бекітілсін. әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті (Манабаева Қ.А.):

осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде  
м е м л е к е т т і к т і р к е л у і н ;

осы бірлескен бұйрықтың белгіленген заңнамалық тәртіппен ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі  
Ә.Б. Нүсіповаға жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

<i>Білім және ғылым министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасы</i>			
	<i>Б. Жұмағұлов</i>				
<i>Денсаулық сақтау министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасы</i>			
	<i>С. Қайырбекова</i>				
<i>әлеуметтік қорғау министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасы</i>			
	<i>Еңбек және халықты</i>				
	<i>Г. Әбдіқалықова</i>				
<i>Қазақстан Республикасы</i>					
<i>Білім және ғылым министрінің</i>					
<i>2010 жылғы 27 желтоқсандағы</i>			<i>№</i>		<i>581,</i>
<i>Қазақстан Республикасы</i>					
<i>Денсаулық сақтау министрінің</i>					
<i>2010 жылғы 13 желтоқсандағы</i>			<i>№</i>		<i>961,</i>
<i>Қазақстан Республикасы</i>					
<i>Еңбек және халықты әлеуметтік</i>					
<i>қорғау министрінің</i>					
<i>2010 жылғы 7 желтоқсандағы</i>			<i>№</i>		<i>399-ө</i>
<i>бірлескен бұйрығымен бекітілді</i>					

## **Психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларды кешенді оңалту жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларды кешенді оңалту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы халықты әлеуметтік қорғау жүйесі мекемелері мен ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет алатын балаларды (бұдан әрі - балалар) физикалық қалпына келтіру, әлеуметтендіру, түзете отырып оқыту және тәрбиелеуге, сондай-ақ балалардың бойында әлеуметтік құпталатын дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жағдай жасауды нақтылайды.

2. Балаларды оңалтуды жүргізу кезінде мынадай принциптерді ескеру керек: сабақтастық - өткізілетін жеріне қарамастан оңалту іс-шаралары бірыңғай әдіснамалық тәсілдерден тұрады; кезеңділік - жеке жұмыс жоспары қарапайымнан күрделіге қарай іске асырылады;

толассыздық - оңалту шаралары үздіксіз жалғасуы керек, ақыл-ойы кеміс балаларды оңалтуда демалыс болмауы керек, оңалту шаралары тек нысаны бойынша ғана емес, мазмұны бойынша да өзгеруі мүмкін;

дараландыру принципі - көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтің көлемін және олардың түрлерін айқындау әрбір бала үшін жекелегенде олардың жеке қажеттіліктеріне қарай жүзеге асырылады;

белсенділік принципі - баланы бір қызметке қайта-қайта қызығушылығын арттыру;

тұтастық принципі - баланың белгілі бір іс-қимыл алгоритмін игеруге және түсінуіне қол жеткізу үшін бала қатысатын әртүрлі қызметтің өз мақсаты мен түпкілікті нәтижесі болуға тиіс.

істі сөзбен қатар алып жүру принципі (маман барлық ісін сөзбен айтып отырады) - балаға ісіне сөзді қатыстыруды үйрету;

ғылымды әлеуметтік дәлелдеу принципі - бала үшін жайлы және оның ерекшеліктерін ескеретін ортаның болуы оны нәтижелі оқытудың маңызды компоненті болып табылады.

3. Балаларды оңалту оларға өзіне өзі қызмет көрсету және жеке гигиена дағдыларын үйрету арқылы әлеуметтендіру жолымен жүзеге асырылады.

## **2. Кешенді оңалтудың негізгі құрамдастары**

4. Кешенді оңалту өзара тұрақты әрекет ететін үш негізгі блоктан тұрады:

1) медициналық блок - ағзаның тыныс-тіршілік әрекетін қолдап отыру.

Медициналық блокты іске асыру үшін: жүйелі (жоспарлы) медициналық тексерулер;

психоневрологиялық және соматикалық жай-күйді субкомпенсациялау және декомпенсациялау құбылысын уақытылы және дәл диагностикалау және бейінді медициналық мекемеге жіберу;

қолдайтын терапия көрсету (қажетіне қарай);

қимылды абилитациялау (оңалту) жүзеге асыру қажет.

Міндеттерді негізге ала отырып, кешенді оңалту кезінде пайдаланылатын медициналық қатысудың негізгі әдістері мыналар болып табылады:

дәрі-дәрмектік - тек қана қолдаушы терапия ретінде (құрысқаққа қарсы емдеу, ноотропты және тамырлы препараттарды қолдану курстары, неролептиктерді, транквилизаторларды симптомдық пайдалану);

дәрі-дәрмекті емес - физиемшара, емдік денешынықтыру, шынықтыру іс-шаралары, психотерапия, қозғалыс белсенділігінің бағдарламасы;

2) әлеуметтік блок - баланы және оның отбасы мүшелерін заңнамамен регламенттелген әлеуметтік қызметтер пакетімен қамтамасыз ету.

Әлеуметтік блокты іске асыру үшін:

баланың отбасындағы әлеуметтік ахуалға мониторинг жүргізу, баланың құқығын қорғау;

ата-аналары мен отбасы мүшелеріне үй жағдайында жүргізілетін оңалту іс-шаралары негіздерін үйрету; қызмет алуға, жеңілдік, жәрдемақы, қайырымдылық және әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарды ресімдеуге көмек беру қажет.

3) психологиялық-педагогикалық блок - әлеуметтік кіріктіруді қамтамасыз ететін дағдыларды қалыптастыру.

Психологиялық-педагогикалық блокты іске асыру үшін: күрделі ақыл-ой кемістігі бар баланы оқыту-тәрбиелеу жұмысын едәуір тиімді жасауға мүмкіндік беретін психиканың тіреу бола алатын жағымды жақтарын анықтау;

психиканың ақау құрылымын айқындау;  
психикалық даму ерекшеліктерін белгілеу;  
зияткерлік және сөйлеу ақауларын түзету;  
баланың бойында қоршаған орта, заттардың қасиеттері туралы ойын; бейнелеу қызметінің және басқа қызмет түрлерінің дағдыларын қалыптастыру; өзіне өзі қызмет көрсету, жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру; әлеуметтік-тұрмыстық бағдарын дамыту, өзара іс-қимылдың әр түрлі нысандарында дұрыс мінез-құлықты тәрбиелеу;

балалармен бірге тұратын ата-аналары мен отбасы мүшелеріне психологиялық көмек көрсету, олардың балаларды мүмкіндіктерін ескере отырып үйрету, өйткені ата-аналарды балалардың отбасындағы өмірі мен қызметін дұрыс ұйымдастыруға үйрету жағымды эмоционалдық әрі адами отбасылық атмосфера құруға әсер етеді, ата-аналарға балалардың әр түрлі жас кезеңіндегі психологиялық ерекшеліктерін танытуға көмектеседі, теріс қасиеттердің дамуының алдын алады, жалпы ата-ана құзыреттігін арттырады.

Психологиялық-педагогикалық блок баланы әлеуметтік кіріктіру және әлеуметтендірудің бірнеше сатыларын қосатын түзету іс-шараларын іске асыру жөнінде негізгі жүктемені қамтиды.

5. Ұсынылатын балаларды әлеуметтік кіріктіру және әлеуметтендіру сатылары:

- 1-саты - әлеуметтік бейімдеу;
- 2-саты - әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау;
- 3-саты - әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеу;

6. Балаларды кешенді оңалту бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру үшін баланың дамуына мүмкіндік туғызатын және оларды өмірге, қоғамға дайындайтын түзеу процестерін ұйымдастыруды және оның мазмұнын регламенттейтін негізгі құжат болып табылатын оқу жоспарын әзірлеу ұсынылады.

Түзету қызметінде психоқимылының дамуына септігін тигізетін ойын

әдістерін пайдалану, өйткені түзету әсері, ең алдымен, негізгі ақауға - балалардың танымдық мүмкіндіктерін арттыруға, қимылдың, эмоционалдық-ерік аясының және мінез-құлқының бұзылуын түзетуге бағытталған.

Барлық кешенді қызмет аралығында оқу сатысынан сатысына көшіп отырған балада әлеуметтік дағдылар қалыптасады, балалар практикалық бағыты бар және олардың психофизикалық мүмкіндіктерімен байланысатын дайындықты алады: өзіне өзі қызмет көрсету және жеке гигиена дағдылары (бірінші саты), әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану (екінші, үшінші саты), қол шеберлігі және шамасы келетін еңбекке дайындау (төртінші саты).

Бұл ретте, оқу пәндері бойынша білімін бағалау жүзеге асырылмайды.

Оқу жылының басталуы және ұзақтығы мектепке дейінгі мекемелерде қолданылатын мерзімге сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу жоспарының негізінде балалардың танымдық деңгейін ескере отырып, сағаттың жалпы саны шегінде әрбір топқа икемді оқу жоспары жасалады.

Түзету циклінің сабақтары баланың психоэмоционалдық белсенділігін пайдалануды ескере отырып, күннің бірінші және екінші жартысында өткізілуі м ү м к і н .

Жеке сабақтар сөйлеудің (логопед), жалпы қимылдың (ЕДК нұсқаушысы), сенсорлық процестердің (сенсорлық дамыту жөніндегі дефектолог мұғалім) айқын білетін бұзылуы бар балалармен өткізіледі. Жеке сабақтарды өткізу уақытын мамандар айқындайды, баланың қажеттігін және оның жай-күйінің күрделілік дәрежесін негізге ала отырып 15 минуттан 45 минутқа дейін болуы м ү м к і н .

7. Әлеуметтік бейімдеудің алғашқы сатысында: қарым-қатынас жасаудың (қарапайым нұсқаулықтарды орындау, өз өтінішін қимылмен, ымдап, сөзбен жеткізе білу, балаларды бірлескен ойындарға: қол ұстасып әндетіп, билеп ойнайтын және ойыншықтармен ойнайтын ойынға қосу) қ а р а п а й ы м дағдыларын дамыту;

өзіне өзі қызмет көрсетудің қарапайым (өздігінен киіну және шешіну, жуыну, сабынды және майлық орамалды (сүлгіні) қолдану дағдысына дағдыландыруға, тазалық (қол орамалды, дәретхана қағазын қолдану, сіңбіру, тарану) дағдыларын қ а л ы п т а с т ы р у ;

қимылды дамытуға бағытталған міндеттерді іске асырады.

8. Оқытудың екінші сатысында қарым-қатынас, жеке гигиена және өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын бекітуге бағытталған міндеттер іске асырылады:

жұмыс істеу білімін дамыту, жалпы талаптарға бағынуға үйрету, педагогтың айтқан нұсқаулықтарын орындау;

белгілі ережелер бойынша балаларды сюжеттік-рөлдік ойындарға үйрету; практикалық қызмет, балаларда пассивті және активті сөздіктерін байыту

арқылы сөйлеу қабілетін жандандыру;  
құрбыларымен және ересектермен коммуникативтік дағдыларын дамыту;  
адамның эмоциясын, ымды, қимылын: қуанышты, қайғыны, ашуды,  
наразылықты, таңдануды айырып тануға және дұрыс қабылдауға үйрету;  
нәзік қимылды, қол және көз қозғалыстарын түзетуді жетілдіру;  
назарын, көру жадын, есту жадын және механикалық жадты дамыту;  
көрнекі үлгілер бойынша және ұқсатып құрбылыс материалдары мен  
қағаздардан конструкциялаудың қарапайым дағдыларын дамыту;  
қарапайым математикалық ойын (беске дейін санау) дамыту, негізгі түстерді,  
геометриялық фигураларды (шеңбер, төртбұрыш, үшбұрыш, тікбұрыш) білу, көп  
- азды, үлкен - кішіні, ұзын - қысқаны түсіну. Жыл мезгілдерін, тәулік уақытын:  
таңертең, күндіз, кеш, түн - айыруға және атауға үйрету.

Балаларға сол немесе өзге де дағдыны игеруіне көмектесу үшін, ең алдымен  
тиісті процесті, олар оның әр қайсысын жеңіл шешуі үшін жекелеген, кішкене  
қ а д а м д а р ғ а б ө л у қ а ж е т .

9. Үшінші сатыда өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары бекітіледі және  
тұрмыстық бағдарлау дағдылары қалыптасады: жұмыс орнын жинау, тұрмыс  
заттарын пайдалану, үстелді жабдықтау және ыдыс жуу, пәтерді (бөлмені) жинау

10. Төртінші сатысында қолынан келетін еңбек дағдыларын үйретуге  
бағытталған міндеттер іске асырылады.

Еңбекке үйрету мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:  
еңбек түрлері бойынша қарапайым білімдерді қалыптастыру, еңбектегі  
дербестілікті дамыту, еңбек сапасын қалыптастыру, еңбектің қол жетімді  
амалдарын үйрету, еңбек қызметіне қызығушылықты дағдыландыру.

Баланың жеке басының жағымды қасиеттерін тәрбиелеу: еңбек сүйгіштік,  
қайсарлық, ұжымда жұмыс істей білу, істі аяғына дейін жеткізу.

Осы міндеттермен қатар еңбек жөніндегі сабақтарда балалардың ақыл-ой  
қызметін түзетуге бағытталған әлеуметтік міндеттер шешіледі:

ғ и м а р а т т а б а ғ д а р л а н у ;  
жұмыс барысын алдын ала жоспарлау;  
ө з ж ұ м ы с ы н б а ғ а л а у .

11. Кешенді оңалту блоктарының өзара іс-қимылының маңызды бөлімі жеке  
жұмыс жоспары болып табылады, ол барлық оңалту іс-шараларын және оңалту  
процесінде баланың жай-күйінің өзгерістерін белгілейтін негізгі құжат.

Баланың жай-күйінде оң өзгерістер болмаған жағдайда жеке жұмыс  
жоспарын қайта қарау және алға қойған мақсаттар мен міндеттерді шешудің  
дұрыс ж о л ы н т а б у ұ с ы н ы л а д ы .

12. Кешенді бағдарламаларды сапалы іске асырудың маңызды

компоненттерінің бірі құжаттаманы дұрыс және толық жүргізу болып табылады:

баланың даму динамикасының кестесі (1-қосымша);  
топтардың, сыныптардың мынадай мәліметтерді қамтитын төлқұжаттары:  
топтағы балалардың (жасы, жынысы, соматикалық ауруы, қимыл-қозғалыс белсенділігі, мінез-құлқының ерекшелігі, сөйлеу қабілеті, коммуникативтік қабілеттері, баланың әуестіктері, үйінің мекенжайы мен телефоны, ата-анасының байланыс деректері) тізімі;  
балалардың жеке іс парақтары (әрбір балаға мынаны қамтитын папка ашылады: толық бойымен түскен фотосуреті, ата-анасының сауалнамасы (2-қосымша), психологиялық-педагогикалық тексеру картасы; жеке жұмыс жоспары.

### 3. Қорытынды

13. Осы Нұсқаулықта көрсетілген шарттарды сақтағанда халықты әлеуметтік қорғау жүйесі мекемелері мен ұйымдарының мамандары балаларды қоғамға әлеуметтендіру және кіріктіруге мүмкіндік беретін балалардың бойында өзіне-өзі қызмет көрсету, тұрмыстық және еңбекке бағдарлау тәрізді қажетті әлеуметтік дағдыларды қалыптастыра алады.

Психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларды кешенді оңалту жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша  
Нысан

### Баланың даму серпінділігі кестесі

Баланың тегі, аты \_\_\_\_\_ Жасы \_\_\_\_\_

Тобы \_\_\_\_\_ Толтыруды бастаған уақыт \_\_\_\_\_

Балдар

6					
5					
4					
3					
2					
1					
0					

Жыл

Дефектолог-мұғалім \_\_\_\_\_

1. «Баланың даму серпінділігі кестесі» картасын толтыруға түсінік:
  - 1) санитарлық-гигиеналық дағдылар - қызыл түс;
  - 2) ас қабылдау дағдылары — жасыл түс;
  - 3) әжетхананы пайдалану дағдылары - көк түс;
  - 4) үлкендердің нұсқамасын орындау дағдылары - сары түс;
  - 5) киіну және шешіну дағдылары - қоңыр түс.
2. Санитарлық-гигиеналық дағдылар:

0 балл - дағды жоқ;

1 балл - барлық іс-қимыл үлкендердің көмегімен енжар орындалады;

2 балл - іс-қимылды ішінара өзі орындай алады: үлкендердің қадағалауымен қолын сыбызғылап аққан судың астына қояды, сүлгімен сүртеді;

3 балл - үлкендердің ескертуімен негізгі іс-қимылды өзі орындайды: кранды ашады, қолын жуады, кранды жабады, қолын сүлгімен сүртеді;

4 балл - барлық санитарлық-гигиеналық талаптарды өз бетімен орындайды.
3. Ас қабылдау дағдылары:

0 балл - дағды жоқ;

1 балл - өзі жейді;

2 балл - қасықты (ыдысты) өзі немесе біреудің көмегімен ұстайды, аузына дейін апарады, бірақ өз бетімен тамақты тарелкадан көсіп ала алмайды;

3 балл - қасықпен өзі жейді, бірақ ішіндегісін жоғалтады, қолының қимылын аузына толық үйлестіре алмайды.

4 балл - үлкендердің қадағалауымен өз бетінше тамақтанады;

5 балл - өзі ішіп, жейді;
4. Әжетхананы пайдалану дағдылары:

0 балл - дағды жоқ;

1 балл - үлкендер тарапынан қадағалаумен бала түбекке дәрет сындырады;

2 балл - ишара, сөйлеу, алгоритм жүйесі арқылы әжетханаға сұранады, бірақ өз бетінше шалбарын шеше алмайды, көмекті қажет етеді;

3 балл - өз бетімен әжетханаға барады, шалбарын шешеді, түбекке отырады, үлкендердің көмегі киіндіруде қажет болады.

4 балл - өз бетінше барлық дағдыларды толығымен игерген.
5. Үлкендердің нұсқаулығын орындау дағдылары:

0 балл - дағды жоқ;

1 балл - нұсқаулықты үлкендердің көмегімен орындайды;

2 балл - нұсқаулықты ішінара ұқсастығы бойынша орындайды;

3 балл - жеке нұсқаулықтарды өз бетінше орындайды;

4 балл - үлкендердің нұсқаулықтарын өз бетінше толық түсінеді және орындайды.
6. Киіну және шешіну дағдылары:



0 балл - дағды толығымен жоқ;

1 балл - үлкендердің іс-қимылын орындағысы келеді, өзі шұлығын, аяқ киімін ш е ш е а л а д ы ;

2 балл - түйме шешуді, байлауды қажет етпейтін киім мен аяқ киімді өз бетінше шешеді, ал қалған іс-қимылды үлкендердің көмегімен орындайды;

3 балл - киім мен аяқ киімді өз бетінше шешеді және киеді, үлкендердің көмегімен байлайды, ағытады;

4 балл - үлкендердің қадағалауымен өзі киініп, шешінеді, үнемі ауызша дем беруді талап етеді;

5 балл - өз бетінше киінеді, шешінеді.

Бала жөнінде қосымша ақпарат: \_\_\_\_\_

Психоневрологиялық

патологиясы

бар

мүгедек

балаларды

кешенді

оңалту

жөніндегі

нұсқаулыққа

2-қосымша

Нысан

### Ата-аналарға арналған сауалнама

1. Баланың тегі, аты \_\_\_\_\_

2. Баланың туған күні \_\_\_\_\_

( кү н і , а й ы , ж ы л ы )

3. Жынысы: ер бала, қыз бала.

4. Баланың туған жері \_\_\_\_\_

5. Ата-анасының телефондары: үй телефоны: \_\_\_\_\_, жұмыс телефоны \_\_\_\_\_

6. Мекенжайы: \_\_\_\_\_

7. Анасының тегі, аты, әкесінің аты: \_\_\_\_\_

Анасының жасы: \_\_\_\_\_

Білімі: жоғары, орта арнаулы, орта, бастауыш.

Жұмыс орны, лауазымы: \_\_\_\_\_

Жұмыспен қамтылу: толық күн, ішінара қамтылу.

8. Әкесінің тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

Әкесінің жасы: \_\_\_\_\_

Білімі: жоғары, орта арнаулы, орта, бастауыш.

Жұмыс орны, лауазымы \_\_\_\_\_

Жұмыспен қамтылу: толық күн, ішінара қамтылу.

9. Отбасында неше адам: \_\_\_\_\_

10. Оның ішінде балалар: \_\_\_\_\_

11. Аталған бала нешінші: \_\_\_\_\_
12. Басқа туыстары: \_\_\_\_\_
13. Баланың туыстары мен онымен тығыз байланыстағы басқа адамдар: ағасы, апасы, атасы, әжесі, басқа \_\_\_\_\_
14. Отбасының тұрғын үй жағдайы: жеке пәтер, коммуналдық пәтер (бөлме), жатақхана, жер үй, пәтер жалдаймыз, ата-анамызбен (басқа туыстарымызбен) б і р г е т ұ р а м ы з .
15. Егер жеке пәтер болса, ондағы бөлмелер саны \_\_\_\_\_ тұрғын алаңы- \_\_\_\_\_ к в . м .
16. Баланың жеке бөлмесі бар, ата-анасымен бір бөлмеде тұрады, ағасымен немесе (және) апасымен бір бөлмеде тұрады.
17. Егер балада жеке бөлме болмаса, оның сабақ оқуға, ойнауға т.б. арналған өз б ұ р ы ш ы б а р м а ? ( б а р , ж о қ )
18. Отбасыңыздың материалдық жағдайы: ете жақсы, жақсы, орташа, нашар, ете н а ш а р , ж а у а п б е р е а л м а й м ы н .
19. Баланы асырауға айына қанша ақша жұмсайсыз: \_\_\_\_\_
20. Бала арнайы әлеуметтік көмек көрсеткенге дейін балалар мекемесіне барған ба \_\_\_\_\_  
(мекемелер атауы, барған мерзімі, қанша жастан бастап)
21. Дамуын түзету өткізілді ме \_\_\_\_\_  
( қ а й д а , қ а ш а н , к і м )
22. Мекемеге (ұйымға) сіздің балаңыз қанша уақыттан бері келеді \_\_\_\_\_
23. Балаңыз мекемеге (ұйымға) баруға қалай қарайды, сүйсіне, бейтарап, м ә ж б ү р л е у м е н б а р а д ы .
24. Бала тағы қандай мекемелерге барады (үйірмелер, секциялар) \_\_\_\_\_
25. Бала өзіне-өзі қызмет етудің қандай дағдыларын меңгерген: өзі киінеді, аяқ киімін киеді, тісін тазалайды, жуынады, шашын тарайды, ойыншықтарын, төсегін жинайды, өзінің ұсақ киімдерін жуады, сауда жасайды, үтіктейді және басқа \_\_\_\_\_
26. Баланың сүйікті ісі: \_\_\_\_\_
27. Бала нені анағұрлым табысты орындай алады жапсыру, сурет, құрастыру, би, ән айту, аппликация, өлең жаттау, дене жаттығулары, тыңдау, әңгімелеу, тағы басқа: \_\_\_\_\_
28. Балаңызға кітап оқып бересіз бе: (иә, жоқ).
29. Балаңызға кітапты жиі оқып бересіз бе: (жиі, сирек, әрқалай).
30. Бала үй шаруашылығын жүргізуге араласа ма және қалай: \_\_\_\_\_
31. Балаңыз еңбексүйгіш пе: (өте еңбексүйгіш, өзіне жүктелген жұмысты шын көңілімен және тырыса орындайды, кейде еңбектенгісі келеді, кейде жалқауланады, жиі жалқауланады, еңбектенгенді ұнатпайды).

32. Баланың үйде әрдайымғы міндеті бар ма: (бар, жоқ).
33. Отбасында балаға рұқсат ету мен тыйым салу бойынша қайшылық бар ма: (иә, жоқ).
34. Сіз балаға жиі немен ықпал етесіз: (көтермелеу-мадақтау, иландыру, көндіру, жазалау).
35. Балаға кім жиі ықпал етеді: (әкесі, анасы, әжесі, атасы, ағасы, апасы, достары), басқалар: \_\_\_\_\_
36. Бала үлкендерге жиі шағымдана ма: (жиі, кейде, ешқашан).
37. Бала кімге жиі шағымданады: (әкесіне, анасына, әжесіне, атасына, ағасына, достарына), басқаларға: \_\_\_\_\_
38. Бала адамдармен тез тіл табыса ала ма: (иә, жоқ).
39. Оған кіммен тіл табысу жеңіл: (балалармен, үлкендермен).
40. Бала аулада басқа балалармен ойнай ма: (иә, жоқ).
41. Бала кіммен араласады: (көршілермен, Сіздің достарыңыздың балаларымен, өзінен кіші балалармен, өзінен үлкен балалармен, құрдастарымен, сіздердің отбасыларыңыздағы басқа балалармен, осындай жағдайдағы балалармен, достары жоқ).
42. Сіздің балаңыз басқа балаларды ренжіте ме: (жиі ренжітеді, кейде ренжітеді, ренжітпейді).
43. Басқа балалардың сіздің балаңызға деген қатынасын қалай бағалайсыз: (жақсы, немқұрайды, жек көрінішті, мейірбандық, жауап бере алмаймын).
44. Балаңыз өкпелегіш пе: (ете өкпелегіш, кейде екпелегіш, екпелегіш емес).
45. Бала өзінің және басқа балалардың қатысуымен болатын мерекелерді ұната ма: (иә, онша ұнатпайды, жоқ, жауап бере алмаймын).
46. Бала үнемі тіл алғыш па: (әрқашан тіл алғыш, жиі тіл алғыш, сирек тіл алады, ешқашан тіл алмайды).
47. Сізге бала өмірін ұйымдастыруда ең қиын болып көрінетін не: (бала күтімі, физикалық дамуындағы проблемалар, көлік, қозғалу, тұрақты диета өткізу, емделу мәселелері, оқуды, демалуды, бос уақытты ұйымдастырудағы қиындықтар, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысын қалыптастырудағы қиындықтар, тұлғаны қалыптастырудағы қиындықтар) басқалар: \_\_\_\_\_
- 
48. Бала үлкендердің үнемі қасында болуын қажет ете ме: (иә - қарым-қатынас жасау үшін, өзін күту мен көмектесу үшін, қажет етпейді).
49. Балаңызды қараусыз қалдыруға жиі мәжбүр боласыз ба: \_\_\_\_\_
50. Күнделікті бала күтімінде сізге кім көмектеседі: \_\_\_\_\_
51. Балаңыз өзіне айтылған сөзді түсіне ме: (толық түсінеді, ішінара, ишарамен қостау арқылы, түсінбейді).
52. Баланың қарым-қатынас жасау құралы: толық фразалы сөйлеу, қысқа

сөйлемдер, жеке сөздер, нұсқама ишаралар, басқа қарым-қатынас құралдары: \_\_\_\_\_

53. Сізді бала тәртібіндегі не мазалайды: (агрессивтілігі, ұялшақтық, өтірікшілік, дөрекілік, гипербелсенділік, көңіл бөлудің жетіспеушілігі, тынышсыздық, ашуланшақтық, жылауық, енжарлық, жабырқаңқылық, қыр көрсетушілік, тұйықтық) \_\_\_\_\_

54. Бала мінезінің қандай жақтары сізге ұнайды: \_\_\_\_\_

55. Баланың ақыл-ойының дамуы: (жоғары, әдеттегідей, төмендеген, өте темен).

56. Баланың физикалық дамуы: (жасына сай, жасынан озық, жасы бойынша артта қ а л ғ а н ) .

57. Қазіргі кезде баланың денсаулығында проблема, созылмалы аурулар бар ма, оларды баяндап беріңіз: \_\_\_\_\_

58. Бұл ауытқушылықтар қай жаста пайда болды: \_\_\_\_\_

59. Баланы дәстүрлі емес медицина әдісімен емдедіңіз бе (қайда, қашан, кімде және бұл қанша уақыт алды): \_\_\_\_\_

60. Бұл ем қандай нәтиже берді: (оң, теріс, нәтижесіз).

61. Балаңызбен байланысты проблемалар үшін стрессті, кернеуленген күйді басыңыздан жиі өткізесіз бе: (ешқашан, кейде, жиі, үнемі).

62. Балаңыздың болашағы туралы ойлағанда сізді көбірек мазалайтын не ( мектепте оқу қиындықтары, мамандық алу қиындықтары, болашақта жұмысқа орналасу қиындықтары, отбасын құру қиындығы, болашақта баланың бөгде адамның көмегінсіз өмір сүру мүмкін еместігі, емделудің қиындықтары), басқа жауап: \_\_\_\_\_

63. Қалай ойлайсыз, балаңыз болашақта өзі өмір сүріп, жұмыс істеп өз басын қамтамасыз ете ала ма: (иә, иә белгілі жағдайда, жауап бере алмаймын).

64. Сіздің ойыңызша қандай жұмыс болашақта сіздің балаңызға қолайлы және қажет бола алады: \_\_\_\_\_

65. Сіздің пікіріңізше, сіздің балаңыз болашақта өз бетінше өмір сүріп, мамандық алуы үшін не істеу керек: \_\_\_\_\_

66. Сіз балаңызды жеткізу үшін мемлекеттен, әлеуметтік қолдау жүйесінен, қоғамдық ұйымдардан қандай көмек алғыңыз келеді: \_\_\_\_\_

67. Сұрақтарға жауап берген анасы, әкесі, әжесі, атасы, ағасы, апасы, баланың басқа туысы: \_\_\_\_\_

68. Сауалнаманы толтырған күн: \_\_\_\_\_